

"Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 31/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 маусымда № 5859 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін алып қоймастан, Абай ауданының аумағында орналасқан жалпы алаңы 2975,5127 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қажет:

1) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеу, шығындардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау (келісім бойынша);

2) жер учаскесін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

3. "Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын, шаралар қолданылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

Б. Асанов

Абай ауданының
әкімдігі

2020 жылғы 2 маусымы
№ 31/01

қаулысына қосымша

№	Атауы	Оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары		

	Қауымдық сервитут белгілеудің жалпы алаңы, га	жайылым , га	шабындық , га	түбегейлі жақсартылған жайылым, га
Ильичевск ауылдық округі				
№1 учаскесі				
Барлық жерлер	209,0718	162,5718	46,5000	
Оның ішінде:				
"Жабяк В. И К" ЖШС-нің жерлері (09-134-011-198)	0,4620	0,4620	-	
Босалқы жерлер	208,6098	162,1098	46,5000	
№2 учаскесі				
Барлық жерлер	321,5136	321,5136		83,0000
Оның ішінде:				
И.В. Жабяктың "Шанс" шаруалық қожалығының жерлері (09-134-011-189)	321,5136	321,5136		83,0000
Дзержинск ауылдық округі				
Барлық жерлер	2417,5718	2417,5718		379,0000
Оның ішінде:				
Ю.В. Лящуктың фермерлік қожалығының жерлері (09-134-006-101)	398,4686	398,4686		189,0000
Ю.В. Лящуктың фермерлік қожалығының жерлері (09-134-006-083)	681,3603	681,3603		190,0000
Ю.В. Лящуктың фермерлік қожалығының жерлері (09-134-006-116)	1337,7429	1337,7429		-
Көксу ауылдық округі				
Барлық жерлер	27,3555	23,8555	3,5000	
Оның ішінде:				
А.Т Мукашевтың "Богара" фермерлік қожалығының жерлері (09-134-020-069)	27,3555	23,8555	3,5000	
БАРЛЫҒЫ	2975,5127	2925,5127	50,0000	462,0000